

ISSN: 1814 - 6961

E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 2 (94)

2 /2021

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендирович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК. (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь
Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor; Director of the State Museum Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholyuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Gottingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic. (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraina)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Muktar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshek” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

// Istochnikovedcheskie issledovaniya / Otv. red. A.O. Chubar'jan; Sost. T.V. Gimon. M.: IVI RAN, 2008. Vyp. 4. S. 154-171 [in Russian].

Sal'nikova A.A. Hamitova Zh.A. Zhurnal «Sovetskaja igrushka» kak istochnik po istorii sovetskogo detstva 1930-h godov (The magazine “Soviet Toy” as a source on the history of Soviet childhood in the 1930s.) // Uchjonye zapiski Kazanskogo universiteta. T. 155. Serija Gumanitarnye nauki. Kn. 3, ch. 1. Kazan', 2013. S. 200–211 [in Russian].

Samoe dorogoe! (Most expensive!) // Kazhstanskaja pravda. 1966. 1 ijunja [in Russian].

Sejat' razumnoe, dobroe, vechnoe (Sow reasonable, kind, eternal) // Kazhstanskaja pravda. 1967. 19 avgusta [in Russian].

Tolybekova S. Kto ty, uchitel'? (Who are you, teacher?) // Kazhstanskaja pravda. 1968. 25 maja [in Russian].

Uverenaja postup' pjatiletki (Confident gait of the five-year plan) // Kazhstanskaja pravda. 1968. 30 janvarja [in Russian].

Hamitova Zh.A. Sovetskaja zhurnal'naja periodika 1930-h gg. kak istochnik po istorii formirovaniya detskogo prostranstva socialisticheskogo goroda (Soviet magazine periodicals of the 1930s. as a source on the history of the formation of children's space in a socialist city): avtoref. dis. ... kand. istor. nauk. Kazan': Kazanskij feder. un-t, 2013. 24 s. [in Russian].

Holmov M.I. Satira i jumor v detskoj gazete kak sredstva vospitanija podrastajushhego pokolenija 1917-1929 gg. (Satire and humor in a children's newspaper as a means of educating the younger generation 1917–1929). L., 1974. 354 s. [in Russian].

Shkola i zhizn' (School and life) // Kazhstanskaja pravda. 1966. 1 sentjabrja [in Russian].

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2021_2_157

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Шашаев Әуезхан Қадіржанұлы^{1*}, Зикирбаева Венера Сериковна¹,
Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы¹, Мрзабаева Раушан Жалиевна²

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы қ., Қазақстан
²ҚР Ұлттық Ғылым академиясы, Алматы қ., Қазақстан,

*Автор-корреспондент

E-mail: shashaevaezhan@mail.ru (Шашаев), vini_89.kz@mail.ru (Зикирбаева), kuka_ist@mail.ru (Мурзаходжаев), rosh85@mail.ru (Мрзабаева)

Түйіндемe. Мақалада ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстандағы қоғамдық ұйымдардың қалыптасуы мен ғылыми-ағартушылық қызметтерінің алғашқы қадамдарының тарихы баяндалады. Кеңестік кезеңнің ақпан-қазан төңкерістері, азамат соғысы және одан кейінгі саяси-әлеуметтік оқиғалары зардаптары Қазақстанның мәдениеті мен білім беру саласына елеулі ықпал еткені анық. Келмеске кеткен империялық отарлық жүйенің кезіндегінің бәрі ескінің сарқыншағы деп талқандалған кезде, оның орнына жаңа жүйе талаптарына сай келетін құндылықтар жасау қажеттілігі туындады. Ұлттық интеллигенцияның өкілдері бұны жан-тәнімен түсініп, қаржы тапшылығына қарамастан еліне қажетті саланың бәрінде қоғамдық негізде топтасып қызмет етті. Мақалада осы қоғамдық ұйымдардың қызметі мұрағат деректері негізінде талдауға алынған.

Кілт сөздер: Қазақстан, қоғамдық ұйым, ағарту, білім, ғылым, мәдениет, мұрағат, тарих.

Мақала ҚР БҒМ №АР09260737 жобасын жүзеге асыру аясында дайындалды

МРНТИ 03.20

ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПЕРВЫХ ОБЩЕСТВЕННЫХ
ОРГАНИЗАЦИЙ В КАЗАХСТАНЕ

Шашаев Ауезхан Кадыржанович^{1*}, Зикирбаева Венера Сериковна¹,
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич¹, Мрзабаева Раушан Жалиевна²

¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, г. Алматы, Казахстан

²Национальная академия наук Республики Казахстан, г. Алматы, Казахстан

*Автор-корреспондент

E-mail: shashaevauezhan@mail.ru (Шашаев), vini_89.kz@mail.ru (Зикирбаева), kuka_ist@mail.ru (Мурзаходжаев), rosh85@mail.ru (Мрзабаева)

Аннотация. В статье рассматривается история становления общественных организаций и его начальные этапы научно-образовательной деятельности в Казахстане в первой четверти XX века. Понятно, что последствия февральско-октябрьских революций советского периода, гражданской войны и последующих политических и социальных событий оказали отрицательное влияние на культуру и образование Казахстана. Когда все, что осталось от имперской колониальной системы, было разрушено как пережиток старой, возникла необходимость в создании ценностей, которые отвечали бы требованиям новой системы. Представители национальной интеллигенции понимали это и сплотились на общественных началах по всем необходимым для народа направлениям, несмотря на отсутствие финансирования. В статье анализируется деятельность этих общественных организаций на основе архивных источников.

Ключевые слова: Казахстан, общественная организация, образование, наука, культура, архив, история.

Статья выполнена в рамках реализации проекта № AP09260737 МОН РК.

IRSTI 03.20

EDUCATIONAL ACTIVITIES OF THE FIRST PUBLIC
ORGANIZATIONS IN KAZAKHSTAN

Shashaev Auezkhan Kadyrzhonovich^{1*}, Zikirbaeva Venera Serikovna¹,
Murzakhodzhaev Kuanysh Madievich¹, Mrzabaeva Raushan Zhalievna²

¹Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanova, Almaty, Kazakhstan

²National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

*Автор-корреспондент

E-mail: shashaevauezhan@mail.ru (Shashaev), vini_89.kz@mail.ru (Zikirbaeva), kuka_ist@mail.ru (Murzakhodzhaev), rosh85@mail.ru (Mrzabaeva)

Abstract. The article examines the history of the formation of public organizations and its initial stages of scientific and educational activities in Kazakhstan in the first quarter of the twentieth century. It is clear that the consequences of the February-October revolutions of the Soviet period, the civil war and subsequent political and social events had a negative impact on the culture and education of Kazakhstan. When everything that remained of the imperial colonial system was destroyed as a relic of the old, it became necessary to create values that would meet the requirements of the new system. Representatives of the national intelligentsia understood this and rallied on a voluntary basis in all areas necessary for the people, despite the lack of funding. The article analyzes the activities of these public organizations on the basis of archival sources.

Key words: Kazakhstan, public organization, education, science, culture, archive, history.

The article was made under the project realization №AP09260737 of the Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan

Кіріспе. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуынан кейінгі отыз жылдай уақыт өткеніне қарамастан, Отандық тарихтың әр түрлі салалары бойынша ғылыми зерттеулердің қарқынды түрде жүргізіліп жатқандығы баршамызға аян. Соған қарамастан әлі де болса өз кезегін күтіп, ғылыми-зерттеу нысанасына айналмаған тақырыптар да бар. Соның бірі «Қазақстандағы қоғамдық ұйымдардың ғылыми-ағартушылық» қызметінің тарихы. Кеңестік кезеңдегі тарихи оқиғалардың өрбу барысына көз жүгіртер болсақ, оның бастапқы кезеңінің күрделі, әрі қарама-қайшылықта толы болғандығын байқаймыз. XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы азамат соғысынан кейінгі тарих ғылымының даму мәселесі аса күрделі таптық және идеялық күрестермен ұштастырылған еді.

Қазақстандағы тарихи зерттеулерді 30-шы жылдардың ортасына дейін бірнеше мекемелер мен қоғамдық ұйымдар: Қазақтың маркстік-лениндік ғылыми зерттеу институты (КНИИМЛ), Қазақтың ұлттық мәдениетінің ғылыми зерттеу институты (КНИИМК), Қазақстанды зерттеу қоғамы (ОИК) жүргізді. Сонымен қатар тарих саласында ғылыми-зерттеулерді азды-көпті болса да Қазақстанның орталық мемлекеттік мұражайы, Орталық мұрағат басқармасы және “Қазақ АКСР-ның 10 жылдығы” атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханасы атқарған болатын.

20-шы жылдардың басындағы кеңестік жаңа интеллигенцияның ғылыми зерттеулер төңірегіндегі айтыс-тартыстары қызу идеологиялық мазмұнға ие болды. Шығыс халықтарының соның ішінде қазақтардың рухани жаңғыруы мәселесіне қатысты айтыс-тартыстар әр түрлі деңгейде, тіпті ең бір “тыныш” делінген мәдениет саласында, мысалы халық ән-күйіне де қатысты жүргізілді.

Қазақстанды зерттеу қоғамының отырыстарында тұрақты түрде халық ағарту ісінің, денсаулық сақтау, кәсіби өнер, әдебиет, ғылымның жағдайы мен болашағы жайында баяндамалар тыңдалып, өте қызу талқылаулар мен айтыстарға айналатын. Мысалы, Қазақстанды зерттеу қоғамының отырысының бірінде қазақтың ән-күй өнерінің даму жолдары туралы баяндама тыңдалғанда, оған қатысты екі жақты көзқарастың бар екендігі көрініс берді. Өнертанушы И.П. Словохотовтың айтуы бойынша: “Прививка европейской культуры казахскому народу должна вести в ближайшем будущем к вытеснению родных мотивов из сердец казахов...” – делінсе, оған қарсы И.П. Третьяков мынаны айтты: “...необходимо дать казахским детям европейское музыкальное образование с тем, чтобы в будущем на основе народного музыкального творчества строить свое художественное творчество. Только тогда возможно ожидать появления казахских симфоний и опер, и в казахском народе может появиться свой Глинка, который поведет казахскую музыку по новому национальному руслу, приобщив казахское искусство к общей сокровищнице музыкального творчества народных гениев” (ҚРОМА, 693:1-3).

Міне, жоғарыда айтылған пікірлерге жүгіне отырып, қоғамдық өмірдің барлық саласында 20-шы жылдардың басында қалыптасу кезеңінің еркін түрде өткір қайшылықтармен өрбігенін көреміз. Тоталитарлық жүйенің қанды шеңгеліне жол ашқан 30-шы жылдарға қарағанда, 20-шы жылдардың басын еркіндік, кең-тыныстау жылдары деуге де болады. Дәл осы жылдары “Алаштың” көшбасшыларына кешірім жасалған еді. “Қырғыз (қазақ) өлкесін зерттеу” қоғамының жұмысы да (Орынбордағы), “Қырғыз мәдениетін көркейтушілердің “Талап” қоғамының (Ташкенттегі) ғылыми-мәдени қызметінің жандануы да осы кезеңге дәл келеді.

Ал, осыдан кейінгі 30-шы жылдардағы Қазақстанның тарих ғылымы жайында ой толғасақ, анығына көз жеткізуде қиындық тудыратын нәрселер жетістігіміз көп пе, жоғалтқанымыз көп пе және тарихтың таласты мәселелерінде, шығармашылық немесе келісімпаздықтың, күрес немесе ауытқушылықтың қай жағына шыққанын деп басып айту қиын. Бір жағынан алғанда, осы кезеңде жаңа ғылыми мекемелердің құрылуы, қалыптасуы жүріп жатса, екінші жағынан өлкетану ісіне ешбір себепсіз тосқауыл қойылып, өзінің бар мүмкіндігін тауысып болмаған, толыққанды жұмыс істеп жатқан Қазақстанды зерттеу қоғамы жойылды, өлкенің өткен тарихын жан-жақты зерттеуге ұрандаумен қатар, дәл осы кезде ғалымдарды және олармен қызметтес болған мемлекет немесе партия қайраткерлерін жаппай қырып-жою

басталады. Аса зор қиындықтармен және аздаған тиражбен, ғылыми тұрғыдан шалалау болса да, аса құнды мәліметтер мен байқауларға толы еңбектер басылып шықты, бұған керісінше көпшілік қауым жиырма жылдан астам уақытқа, кітапханалар мен сауда сөрелерінен “халық жаулары” дегендердің шығармалары алынып тасталынуы себепті олармен танысу құқығынан айырылды.

XX ғасырдың бастапқы кезін қоғамдық санада ұлт-азаттық идеяларының күшейіп, ұлттық рухтың оянуына түрткі болған кезең деп айтуға болады. Бұған ұйытқы болған ұлттық мәдениеттің жанашырлары – қазақ зиялылары еді. Ұлттың жаршысы болған қазақ баспасөзін ашудан бастаған олар, азаттық идеяларын жалпыұлттық санаға айналдыру жолында қызмет етті. Кейін кеңес өкіметі орнаған соң, ұлттық интеллигенцияның мәдениет саласындағы қызметін-азаттық жолындағы күрестің ерекше түрі деп түсінген дұрыс. Мұндағы айтпақ ойымыз, қоғамда объективтік-тарихи жағдай қалыптасқан кезеңде ұлттың зиялы қауымының қоғамдық сананы қалыптастыруы арқылы өмірді белгілі бір арнаға бағыттауға мүмкіндігі болатындығы, қазақ елінде қалыптасқан мұндай жағдайды Ресей империясында жүзеге асырылған қазан революциясы басқа арнаға бұрып, өз ықпалына бағындырып алды.

Бұл жерде орыс интеллигенциясының арасында, өз мүдделеріне қабысып жатқан социалистік идеологияға берілгендік басым болса, қазан төңкерісіне дейінгі қазақ зиялы қауымы демократиялық құндылықтарға жақын болғандығын айтуымыз керек. Жалпы XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында орыс интеллигенциясының идеологиясы мен саяси психологиясында ұлттық идеология басымдылықта болмады. Орыс философы Н.А. Бердяев бұл туралы мынаны айтады: “Дәстүрлі интеллигенттік санада қайырымдылық, әділеттілік, халықтың қамы, халықтар туыстығы сияқты құндылықтар болды, бірақ әлемдік құндылықтар дәрежесінде ерекше орын алатын ұлттық құндылықтар болмады” (Бердяев, 1990:44).

Бұл берілген сипаттаманың қазақ интеллигенциясына ешбір қатысы болмады. Отарлық-империялық езгіде болған елдің интеллигенциясы ретінде оның идеологиясының басты бағыты – ұлт-азаттық мағынада болуы заңды құбылыс еді. Оны ұлт зиялылары жақсы түсінді. Осыған байланысты, Міржақып Дулатовтың 1923 жылы Ахмет Байтұрсыновтың 50-жылдығына арнап жазған мақаласында Ақанның жазған мына бір ойы келтірілген: “Если пришлый элемент окажется в культурном отношении сильнее коренного населения, то со временем последнее должно быть поглощено первым. И наоборот, если оба окажутся в равной мере культурными, тогда только они могут развиваться самостоятельно, существовать на одинаковых правах и сохранить национальный облик свои... Поэтому перед нами во всем своем величии вырастает вопрос о самостоятельном существовании киргизского народа. Для того, чтобы сохранить свою самостоятельность, нам необходимо всеми силами и средствами стремиться к просвящению и общей культуре; для этого мы обязаны первым долгом заняться развитием литературы на родном языке. Никогда не нужно забывать, что на самостоятельную жизнь вправе претендовать только тот народ, который говорит на своем языке и имеет свою литературу” (Дулатов, 1923:5-6).

Кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы тарихи оқиғалардың мың құбылған заманында “Қырғыз (қазақ) өлкесін зерттеу” қоғамы төңірегіне топтасқан ғылыми-мәдени топтың, қазақ зиялыларының қызметі мен осы қоғамның тарихына толғамды зерттеу жүргізіп, оны өркениеттілік негізде бағалау қазіргі кезеңнің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Бұл мәселені жан-жақты, әрі терең қарастыру еліміздің мәдениет тарихын зерттеуге қосылған белгілі деңгейдегі үлес болар еді. Сондықтан біздің ғылыми ізденісіміздің негізгі зерттеу нысанасы “Қазақстандағы қоғамдық ұйымдардың ғылыми-ағартушылық” қызметінің тарихы тұтас бір мәселе, әрі XX ғасырдың 20-30-шы жылдарында Республикада жүзеге асырылған кең көлемдегі мәдени құрылыстың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылған.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Мақалада зерттеу жұмысының деректік көзі ретінде мұрағаттық құжаттардың, баспасөз материалдарының, жинақтық құжаттардың, деректердің мәліметтері кеңінен ғылыми айналымға тартылды.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының 693-ші қорының 1-ші тізбесінде ҚазАССР-ның Халық ағарту комиссариаты жанындағы Қазақстанды зерттеу қоғамының 1920-1936 жылдар арасындағы жинақталған мәліметтері берілген.

Ал, екінші тізбедегі мәліметтер қоры 1921 жылдан 1941 жылға дейін созылған. Осы мұрағаттың 81 қорында (Қырғыз (қазақ) АКСР Халық ағарту комиссариаты деп аталатын) Академиялық орталықтың құрылуы, Қыроку ағархалкомы (Кирнаркомпрос) жанындағы ғылыми комиссия қызметі, осы қоғамның кітапханасы, мұражайы және т.б. деректер сақталған. Мақаламызда бұл құжаттар молынан пайдаланылды. Қазақстан Республикасының Президенті мұрағатының бірнеше қорларында: 139 қор - (РК(б)П-ның Қырғыз (қазақ) комитеті, Қырғыз (қазақ) облыстық партия комитеті), 140 қор - (РК(б)П Қырғыз (қазақ) өлкесінің облыстық партия бюросы), 141 қор - (РК(б)П-ның Қазақ өлкелік партия комитеті) құжаттары деректік мәліметтер берді.

Зерттеу жұмысын жазу барысында соңғы жылдары Отандық тарих ғылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістерді негізге алдық. Танымдық мүмкіндіктердің кеңеюі зерттеу негізіне тарихи-мәдени, өркениеттілік тәсілді қолдануға жол ашты. Әрбір өркениеттің өзіндік ерекшеліктерін тану, оның біртұтастығы, өзіне тән мәнге ие тұрақты жүйесі, өмірлік философиясы, құндылықтар жүйесі және тарихи-мәдени дәстүрлері, соған сәйкестендірілген халықтардың, жеке адамның өмірі, әлеуметтік және саяси институттары, ұлттық басымдылыққа ие ұстанымдар мен құндылықтарын неғұрлым терең танып білуге деген ұмтылыстарға жетелеуге әкеледі. Міне, осындай тәсілдерді пайдаланудың арқасында зерттеу көздерінің неғұрлым тиімді бағыттарға бет бұруына жол ашты. Атап айтқанда, зерттелуге алынған кезеңдегі оқиғалар мен мәліметтер кешенді түрде сол дәуірмен байланыстырылып, ұлттық басымдылықтар мен құндылықтар тұрғысынан қарастырылып, соның негізінде оның мәні, негізгі ағымдарының бағыты және қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және халықтың рухани өміріндегі алатын маңызды зерттеудің өзегіне айналды.

Талқылау. Қазақстан ғылымының дамуында революцияға дейінгі ғылыми зерттеу мекемелері мен қоғамдардың үлкен маңызы бар екендігі жайында М.А. Асаинов (Асаинов, 1955:25), А. Сағдиев, Е.Ж. Валиханов, Б. Герасимов, Ә. Пірманов, А. Қапаева еңбектерінде көрсетілген. А.В. Миронов (Миронов, 1926:18-42), Д. Святский, Л.В. Иванова, К. Әуезова, Ф. Сапарғалиев, А.К. Капышов, А.И. Сембаев және т.б. зерттеулерінде кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі мәдениет пен ғылым саласындағы өзгерістер, кадр мәселесі, мекемелер құрылуының тарихы әр түрлі деңгейде зерттеу нысанына алынған.

Қазақстанды зерттеу қоғамының қызметі жайындағы мәліметтер Х.И. Бисеновтың (Бисенов, 1961:17), Р.Б. Сулейменовтың (Сулейменов, 1972:70), Н. Әлімбаев (Алимбаев, 1990:61), М.Х. Асылбеков (Асылбеков, 1991:185), А.Б. Галиев, З.О. Дүкенбаева, В.К. Кайрханова, Қ.Ә. Ахметов, А.С. Мұсағалиева зерттеулерінде берілген.

Ғылыми-зерттеу орталықтары мен маман-тарихшылардың қалыптасуы мәселесі – И.М. Қозыбаев (Қозыбаев, 1990:10), Б.А. Тулепбаев, В.К. Янулов еңбектерінде жан-жағынан қарастырылған ал біз қарастырып отырған кезеңдегі қазақ зиялылары туралы мол мағұлматтарды К. Нұрпейіс, Х. Абжановтың ғылыми іргелі еңбектерінен алуға болады (Нұрпейісов, 1990:10).

Қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақстандағы өлкетану ісі, мұражай қызметі және әр түрлі қоғамдық ұйымдардың, соның ішінде Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының тарихы С.Ахметованың еңбегінде біршама құнды мәліметтер негізінде қарастырылып, талданған. Соған қарамастан, Қырғыз (қазақ) өлкесін зерттеу қоғамына қатысты көптеген мәліметтер назардан тыс қалған және оның қызметіне жасалған талдау жүйеленбеген. Бірақта бұл еңбек біздің қарастырып отырған тақырыбымызға қатысты мол мағұлмат береді (Ахметова, 1981:23).

Мемлекеттік бағдарлама бойынша мұрағат қорларында деректермен жұмыс жасаған Д.Қамзабекұлының кітабында Қазақстанды зерттеу қоғамы қатарында және Ташкентте құрылған Қазақ мәдениетін көркейтушілердің “Талап” қоғамы мүшелері жайында, қоғамның қызметі мен шығармашылық ғылыми мұралары жайында құнды мәліметтер келтірілген (Қамзабекұлы, 1997:43-47). Жоғарыда сөз болған тарихнамалық шолу Қазақстандағы қоғамдық ұйымдардың ағартушылық қызметінің тарихын жеке ғылыми тақырып ретінде қарастыру қажет екендігін көрсетеді.

Нәтижелер. Қазақ халқының өткен тарихына тереңірек үңілген сайын өркениеттіліктің өріне жеткізудің тамыры сусындауының бір көзі - 1917 жылға дейінгі және одан кейінгі құрылған әр түрлі қоғамдық ұйымдар болғандығы белгілі. Патшалық Ресейдің отаршылдық мүддесін жүзеге асыруды мақсат еткен экономикалық, саяси

әлеуметтік және ғылыми салалардағы қоғамдық ұйымдармен қатар таза ұлттық мүддені қорғауға бағытталған қазақ зиялылары басшылық жасаған ағартушылық зерттеу мақсаттарын көздеген біраз ұйымдар да болды. Тұңғыш құрылған осындай қоғамдық ұйымның бірі 1914 жылы Омбы қаласындағы “Бірлік” қоғамы еді (ҚРОМА, 693:20). Оның негізгі мақсаты қазақ мәдениетін көркейтіп, өркениетті ел қатарына қосу, ұлттық мүддені қорғау, мәдениетті дәріптеу арқылы жастар бойында өз ұлтына деген сүйіспеншілікті арттыру болып табылады.

Бұл туралы профессор М.Қ. Қойгелдиев былай дейді: “Бүкіл Ресейді қамтып, Сібірге де жеткен революциялық өрлеу мұндағы қазақ шәкірттеріне де ықпалы болып, олар 1914 жылы 18 көкекте “Бірлік” ұйымын құрады. Оның ұйымдастырушыларының қатарында Асылбек және Мұратбек Сейітовтар, Мұхтар Саматов, Мағжан Жұмабаев, Смағұл Сәдуақасұлы, Ахмет Біржаксин, Шаһмардан Әлжановтар болды. Кейінірек “Бірлік” жастарының басшылық ядросын құрған бұл ұйымның бірінші жетекшісі болып Ш. Әлжанов сайланады” (Қойгелдиев, 2004:279-280).

Деректерге жүгінер болсақ, 1917-1918 жылдар аралығында жоғарыда аталған ұйымның жұмысына сол кездегі беделді азаматтардың белсене араласқанын айта аламыз. Солардың ішінде, М. Жұмабаев, М. Саматов, Ә. Байділдин, С. Сәдуақасұлы, А. Сейдалин, Қ. Кемеңгеров, Ғ. Тоғжанов және басқа да жастардың белсенділігінің жоғары болғандығын көреміз. “Бірлік” ұйымының идеологиялық жұмысын М. Жұмабаев атқарса, оның толып жатқан шаруашылық-ұйымдастырушылық істерін М. Саматов пен Ә. Байділдин өз мойындарына алған еді.

Қазақстандағы жастар ұйымдарының бірлесіп жұмыс істеуі мен негізгі мақсат-міндеттерін айқындап алу үшін, 1917 жылдың 1-4 қазаны аралығында “Бірліктің” ұйымдастыруымен жастар ұйымдарының кеңейтілген жиылысы өтеді. Жиналысқа – Ақмоладан “Жас қазақ”, Көкшетаудан “Жас ұран”, Спасскіден “Жас дәурен” және тағы басқа ұйымдардан шамамен 100-ге жуық өкілдер қатысты.

Жиналысқа қатысушылар, оның басшы органын сайлады. Негізгі мақсат-мүдделері жайында көптеген пікірталастар болды. Соған қарамастан, жиылыс өз қаулысында: Орынборда өткен жалпықазақ съезінің қаулысын қуаттайтындығын және “Алаш” партиясының ұстанған бағытын дұрыс деп санап, оны үлгі тұтанынын, халық арасында кең насихаттауды өз міндеттері санайтынын атап өтеді.

Қазан революциясынан кейін екі бағытқа бөлініп кеткен ұйым мүшелері бастапқы кезеңде өзара жалпы демократиялық платформа негізінде біріккені, ал олардың көзқарасында ағартушылық, ұлғазаттық мүдденің үстемдік алғаны да тарихи шындық болатын және оған өмірлік себептер де жеткілікті еді. Бұл жайында 1921 жылы Орынбор қаласында шыққан С. Садуақасұлының “Жастарға жаңа жол” деген кітабында былай деген болатын: “Қазақ халқын мәдени һәм әдеби жағынан ілгері қатардағы жұрттарға қосу, ұлтшылдық сезімін туғызу һәм ұлтты сақтау. Бұл айтылған мақсаттарға жету үшін жастар арасында ұлтты сүю сезімін сіңіре беру...” (Қойгелдиев, 2004:279).

1917 жылы Ақпан төңкерісі қазақ зиялылары үшін мол мүмкіндіктер көзі ретіндегі үміт отының жануына алып келген еді. Отаршылдық бұғауынан құтылып, өз билігін қолына алу, исі қазақ үшін жүректерінің түпкіріндегі арманы болатын. Оған жетудің жолын іздеген ұлт зиялылары алғашында кадет партиясына кіріп, оның мүдделер қайшылығын көрген соң, алаштың өз партиясын құруға кірісті. Алашорда партиясының құрылуы қазақтың ұлттық тәуелсіздігі жолындағы тынымсыз, қым-қуат күресімен қатар жүрді. Алашшыл жастар оны пір тұтты. Жастардың құрған ұйымдары Алашорда бағдарламасын қабылдап, соның соңынан ерді. Сондықтан да, олардың тағдыры Алашорда тағдырына тым ұқсас болды.

Коммунистік идеологияның шынжыр табанына ұлтшылдық көзқарас ретінде тасталып, талқандалды. Ұлт мәдениетін ұран етіп ұстаған бұл ұйымдар ресми жұмыс істеу мүмкіндігінен толық айырылды. Алашорда тарихы қазіргі кезеңде жан-жақты зерттеліп жатса, жастардың жоғарыда аталған ұйымдары туралы бұлай айта алмаймыз.

Ұлт зиялылары да туған мәдениеттің, әдебиеттің қамын ойлап, бірлесіп, ой-пікір біріктіріп болашаққа бағыт-бағдар беретін бірлестік құруға әрекеттенген. Солардың бірі – ұлт қаламгерлерінің басын біріктіріп, әдебиеттегі ұлттық болмысты, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр сабақтастығын сақтау мақсатымен құрылмақшы болған шығармашылық ұйым – “Алқа” еді. Зерттеуші, әдебиетші Д. Қамзабекұлы бұл ұйымның бағдарламасы, оның пайда болған кезеңі туралы мәліметтерді ұлттық

қауіпсіздік Комитетінің мұрағатында сақталған 1929 жылы 5 мамырда ПХК (НКВД) тергеушісіне берген Жәкен Сәрсенбіұлының жауабы арқылы анықтап отыр. “Алқаның” бағдарламасы ҚазПЖК (Қазақстан пролетарлық жазушылары қауымдастығы) құрылғаннан кейін дүниеге келді деген кейбір зерттеушілердің пікірлерімен келіспейтіндігін білдіре отырып, Д. Қамзабекұлы оны былайша дәлелдейді: “тарихтан мәлім, ҚазПЖК 1925 жылы 15 маусымда құрылды. Ал, “Алқаға” келсек, Ж. Сәрсенбіұлы былай дейді: “...1924 жылдың аяғында Ә. Бөкейханұлы, М. Жұмабайұлы, мен – үшеміз мұғалімдер съезіне келген А. Байтұрсынұлы орналасқан жатақханаға барып, ол кісіні жазылып, даярланып қойған (!) “Алқа” әдеби ұйымының бағдарламасымен таныстырдық. ... кешікпей Мағжан екеуміз “Алқа” бағдарламасының 16 данасын бөліп, Ташкентке – А. Байтұрсынұлының, Орынборға – Ж. Аймауытұлының, Қызылжарға – Ж. Тілеуліұлының, Семейге – С. Дөнентайұлының, Ленинградқа – М. Әуезұлының атына салып жібердік.

1925 жылы 19 қаңтарда өлкелік коммунистік партия қарауына Орынбор қаласына шақырылдым. Мәскеуден жүрерде Ә. Бөкейханұлы мен М. Жұмабайұлы ...бара салысымен Смағұл Сәдуақасұлымен хабарласып, бағдарламаны баспасөз жүзіне шығару керектігін тапсырды.

Ендеше “Алқаны” құру идеясы және оның бағдарламасын әзірлеу уақыт жағынан ҚазПЖК-тан соң емес, одан ерте қолға алынды деп сенімді түрде айта аламыз” (Қамзабекұлы, 1996:56), - деп өз ойын қорытындылайды.

Академик М. Қозыбаев осы ұйым туралы былай деп жазады: “Бес арыстың қайсысына да кезінде “Алқа” деген контрреволюциялық ұйым құрды деп айып тағылған. Ал, осы “Алқа” туралы материалдарды көп іздедік. Сөйтсек, ол кезінде Сібір ревкомының жанынан құрылған әдеби, тарихи, ағартушылық міндеті жүктелген ресми органдардың арнайы ұйымдастырылған ұйымы болып шықты (ҚРОМА, 846:7). “Алқа” деп ат қойып, оған Сібір өңіріндегі қалың қазақ қауымын Қазақстанда болып жатқан құбылыстармен таныстыру жүктеліпті. “Алқаның” мүшелері негізінен аудармашылық пен публицистикалық шығарма, оқулық жазу қызметімен айналысатын көрнекті қайраткерлер екен. Мысалы, олардың ішінде Жұмабаев, Тоғжанов, Кемеңгеров, Бекжановтар бар” (Қозыбаев, 1998:116).

Кезінде, қазақ зиялылары “Алқа” ұйымының бағдарламасын толық жүзеге асыра алмады. Оған себептің бірі – дәл осы кезде РКП(б) Орталық Комитетінің қазақ баспасөзін, оның ішінде “Ақ жол” газетін сынға алып, үсті-үстіне шұғыл нұсқаулар беріп жатқан кез еді. Оның үстіне “Ақ жол” газетіне байланысты қатал сын айтылған И. Сталиннің хаты да осы тұста Өлкелік партия Комитетіне келіп түскен болатын (ҚРПМ, 139:116).

“Алқа” идеяларын насихаттаған “Ақ жол” газеті 1920-1928 жылдары Ташкенте шығып тұрған болатын. Қазақстандағы болып жатқан әлеуметтік өзгерістерді сыни тұрғыдан талдап отыруды міндетіне алған бұл басылым сол тұстағы түркістандық кеңістіктегі жалғыз оппозициялық мазмұндағы басылым еді. 1920-1925 жылдар аралығында бұл газеттің төңірегіне алаштық, ұлт азаттық рухтағы интеллигенцияның шоғырлануы оның сыни бағытын күшейте түскен болатын. “Ақ жолдың” идеялық мазмұны мен бағытын кеңестік құрылысқа қарсы пиғыл есебінде қабылдаған И. Сталин 1925 жылы 29 мамырда “Ақ жол” газетінің ұстанымына байланысты партияның Қазақ өлкелік комитетінің бюросына арнайы хатпен қайырылды. Онда ол: “Я имел возможность на днях познакомиться с журналом “Ақ жол”. Я вспомнил в связи с этим некоторые статьи неизвестного Чокаева в белогвардейской печати и к ужасу своему открыл некоторое, так сказать духовное “единство” между этими статьями и журналом “Ақ жол”. Невероятно, но факт, “Ақ жол”, конечно, помимо своей воли дает громадный материал Чокаеву”, - деп жазды.

И. Сталин “Ақ жол” сыны жай сын емес, Совет шындығының М. Шоқай сияқты оппоненттеріне көмектесетін зілді сын екендігін баса айтып, “мұндай сынға Кеңестер елінде орын болуға тиіс емес”, - деп көрсетті. Хатының соңында Алаштық интеллигенцияны идеологиялық іске тартуға үзілді-кесілді қарсылығын білдіріп: “Ондай етпейінше Шоқаевтардың Қазақстанда жеңуі ақиқатқа айналуы мүмкін”, - деп қорықты (Қойгелдиев, 2004:227).

Революцияға дейінгі ашылған бір-екі ұйымдардың жұмысы астыртын жүргізілгендіктен, олардың қызметі туралы мәліметтер тым мардымсыз. Бұлардың

ашық түрде әрекет етуіне тек 1917 жылдан кейін ғана мүмкіндіктер туындады. Осы революциядан кейінгі ашылған ұйымдарға тоқталар болсақ, олар мыналар: “Еркін дала” – Орынборда, “Жанар” – Семейде, “Оқытушылар ұйымы” – Семейде, “Талап” – Семей облысы, Шыңғыс болысы, “Игілік” – Орынборда, “Қамқор” – Торғайда, “Үміт” – Троицкіде, “Жас қазақ” – Оралда, “Талап” – Қызылордада, “Оқығандар” – Көкшетауда, “Ұйым” – Екібастұз зауытында, “Ғылым ұйымы” – Керекуде, “Ынтымақ” – Атбасарда, “Жас жүрек” – Спас зауытында, “Жастар ұйымшысы” – Бөкей ордасында, “Жас қазақ” – Ақмолада, “Қазақ жәрдемі” – Зайсанда, “Ерік” – Баянауылда, “Қызмет” – Керекуде, “Жас тілек” – Ақтөбеде, “Ғылым” – Керекуде (Садуақасұлы, 2003:38).

Бұл жайында К. Нұрпейіс: “... 1917 жылғы Ақпан революциясы жеңісінен кейін Қазақстанның 20-дан астам елді мекендерінде оқушы жастардың, демократиялық интеллигенцияның және ауыл мұғалімдерінің басын біріктірген қазақ жастарының ұйымдары пайда болғаны белгілі (Омбыдағы “Демократиялық оқушы жастар Советі”, Ақмоладағы “Жас қазақ”, Спаски заводындағы “Жас жүрек”, Меркедегі “Қазақ жастарының революциялық одағы”, Семейдегі “Жанар”, Қызылжардағы “Талап” т.б.). Бұлардың көпшілігі алғашқы кезде өздерінің алдына ағартушылық мақсаттар қойды, әйелдер теңдігін жақтады т.т. Революциялық қозғалыстың ықпалымен олардың біразы біртіндеп большевиктердің ықпалына көшсе (мәселен, “Жас қазақ”, “Қазақ жастарының революциялық одағы” т.б.), ал кейбіреуі таптық күрестің шиеленісуі барысында буржуазиялық ұлтшылдардың ықпалында болып, әлеуметтік-таптық тартыста солардың сойылын соқты (мәселен, “Жанар”, “Талап”, “Бірлік”) (Нұрпейісов, 2002:308), - деп көрсетеді.

1917 жылдың 14 қыркүйегінде “Сарыарқа” газетінің 13-ші санында “Талаптың” алғаш деректерде кездесуін анықтадық (ҚРОМА, 693:73). Газеттегі мәліметке жүгінсек, оның басқарма мүшелері: Өміртай Ақбердіұлы, Микаел Құнанбайұлы, Мұқтар Әуезұлы, Сіләмқажы Ғабитжанұлы. Ұйымның орналасқан жері Семей облысы, Шыңғыс болысы. Сонымен қатар Омбыда Ақмола облыстық “Талап” ұйымының басшысы – А. Тұрлыбайұлы, мүшелері: М. Жұмабайұлы, Х. Садықұлы тұрған еді. Бірақ бұл ұйымдар өз қызметтерін бірнеше жылдардан кейін мемлекет тарапынан қолдау тауып, қоғамға айналған кезде ғана толық атқара алды. Кейінгі, мемлекеттік деңгейде соның қолдауымен құрылған “Талап” қоғамының (толық аты “Қазақстан мәдениетін көркейтушілердің (ревнителер) “Талап” қоғамы”) құрылуы деректерде екі түрлі көрсетіледі. Біріншісінде, 1922 жылдың 4 желтоқсанында қоғамның жарғысы Мемлекеттік ғылыми кеңестің бекітуінен өтіп, 14 желтоқсанда жалпы жиналысы болғандығы айтылса (ҚРОМА, 693:73), келесі біреуінде қоғам 1923 жылдың 13 желтоқсанында құрылған делінеді (ҚРОМА, 693:82). Негізінен бұлардың алғашқысы дұрыс, оны көптеген мұрағат деректері дәлелдейді. Түркістан автономиялық республикасының Халық ағарту комиссариатының жанындағы Мемлекеттік ғылыми кеңестің қолдауына ие болған қоғам Ташкент қаласының Карл Маркс даңғылындағы 41 үйдегі Қырғыз (қазақ) Ағарту институтының (Кирипрос) 35-ші бөлмесіне орналасты.

20-жылдардағы ақпараттар мәліметіне жүгінер болсақ, “Талаптың” негізін қалағандар – төңкерісшілер айтатын “ескі оқығандар”. Оның басында тұрған азамат – Х. Досмұхамедов. Ташкентте шығып тұрған мақаласында “Тана” деп қол қойған тілші былай деп жазады: Өткен өтті, кеткен кетті. Күш біріктірілді деген мәселе жаңа туды. Бұл мәселенің нағыз да – жаңа туған “Талап” қауымы. “Талап” қауымының ұстанған жолы – қазақ жұртының мәдениетін ілгері бастады. Мұның үшін оқу жолына белсеніп кірісу, әдебиетін жинау, газет-журналға айқын көзбен қарап, шығысын жиілетіп, бағытын елге жемісті қылу, қазақтың ескі өнерлерін тексеру, тағы басқалар...” (Әлмаханова, 1998:62-63).

103-тен астам мүшесі болған қоғамның төрағасы – доктор Халел Досмұхамедов, басқарма мүшелері – шығыстанушы профессор А.Э. Шмидт, географ Иса Тоқтабаев, ақын (студент) Қасым Тыныстанов, инженер-темір жолшы Мұхамеджан Тынышбаев, әдебиетші (студент) Мұқтар Әуезов, заңгер Жаһанша Досмұхамедов, математик Кәрім Жәленовтар болды (ҚРОМА, 693:73). Қазақстан мәдениетінің ежелден келе жатқан мұрасын төкпей-шашпай жинақтаумен қатар ел ішінде оны кеңінен насихаттау мен қайта жандандыруға, сөйтіп өркениетті елдер көшінен қалып қоймауға қазақтың қаймағы болып саналатын ұлт зиялыларының басым бөлігі қатысты десек

шындықтан аттамаймыз. Оның бір дәлелі мұрағат қорларындағы “Талап” қоғамы басқармасы журналындағы нақты мүшелері мен қызметкерлерінің 1922-1924 жылдар аралығындағы төмендегі тізімі:

“Талап” қоғамының нақты мүшелері: Х. Досмұхамедов, М. Есболов, М. Әуезов, М. Тынышбаев, Қ. Тыныстанов, А.Э. Шмидт, И. Қалшабаев, С. Ходжанов, Молдабаев, Имадужаев, Дошанов, Сад. Османов, Ғалымжанов, Айтықов, Т. Рысқұлов, М. Жұмабаев, К. Жәленов, Н. Архангельский, И. Тоқтыбаев, Ә. Диваев, Сүллев, Гүл. Асфендиярова, С. Асфендияров, Маннан Тұрғынбаев, М. Көшербаев, Арабаев, К. Төлебаев.

Қызметкерлері: Ақаев Серікбай, Ильяс Омаров, Данияров, Шонанов, Баймаханов, Т.Жүргенов, Осман Алиев, Исмаилов, Нұрбеков, Бұралкиев, Байгарин, Т. Османов, Маранбеков, Аралбаев, Өтемұртов, Мадалиев, Рүстемов, Кайин, Қиянов, Бекманов, Кененсарин, Дүйсен Телебаев, Фазыл Құлтаев, Бұрхан Шәріпов, Жылысбаев, Құймазов, Қадыров және т.б. (Қамзабекұлы, 1997:41). Әрине, бұл қоғамның жұмысы одан бұрынырақ құрылған “Қазақстанды зерттеу қоғамының” қызметімен тығыз байланыста болғандығы, қолдау көріп отырғандығы, тіпті бірлесіп қызмет еткендігі деректерде баяндалған.

Енді “Талап” қоғамының неңдей мақсаттарды жүзеге асыруды қолға алғаны туралы мәліметке жүгінер болсақ, Халық ағарту комиссариатының, Мемлекеттік ғылыми кеңесінің бекітуіне ұсынылған 1922 жылдың 4 желтоқсанындағы “Қазақ мәдениетін көркейтушілердің “Талап” қоғамының” жарғысынан көрініс табады (ҚРОМА, 693:3).

Бірінші параграфта, қазақ халқының мәдени өркендеуінің жолдары ретінде бірнеше міндеттерді атап көрсетті. Олар ең алдымен қазақ әдеби тілін қалыптастыру, қазақша түсіндірме сөздікті (терминологияны) жасау, орфографияны жетілдіру, дайындау. Мәдени жетістіктерге қол жеткізу үшін, ұлттық өнерді зерттеу арқылы оның бастауларына жол ашу.

Келесі бір атқарылатын шара ретінде қазақ мектептеріндегі оқулықтарды шығару мен білім беру сапасын арттыру көзделді. Ал осы міндеттерді атқаратын қазақ ғылыми қызметкерлері мен өнер қайраткерлерінің тұрмысын түзеу үшін жәрдемақылар тағайындау мәселесі көтерілді. Міне, осы жоғарыда аталған мәселелерді жүзеге асыру үшін, төмендегідей міндеттерді атқаруға қоғам өзін мүдделі деп таныды. Ең алдымен, қаржы мәселесін шешу үшін – талқы, дәріс, баяндамалар және т.б. өткізуді жолға қою. Мұражайлар мен кітапханаларға қажетті заттар мен жабдықтар жинақтау, экспедициялар мен экскурсиялар ұйымдастыруды іске асыру. Көрмелер ұйымдастыру, кітаптар, қолжазбалар, көне ескерткіштер мен өнер туындыларын жинастыру. Ғылыми ізденістерді жандандыру үшін, ғылыми еңбектер мен өнертапқыштарды марапаттау, бәйге, байқау жариялауды кең насихаттау.

Қоғамның Жарғысындағы қарастырылған келесі бір мәселе кадрлар дайындау ісі еді. Оны жүзеге асыру үшін Ағарту саласына қажетті курстар ашу, қазақша жауапты тәржімешілер мен әріп терушілерді, журналистерді, редакторларды т.б. дайындауды қолға алуды міндеттеді. Қоғамның Жарғысының соңында, оның басқармасы Ташкент қаласында орналасқандығы, жалпы отырыстар сонда өткізілетіні айтылған. Сонымен қатар, қоғам өз бөлімшелерін республиканың басқа жерлерінде ашуға құқылы делінді (ҚРОМА, 693:28-29).

Қоғамның мүшелігі екі бөліктен тұрады: нағыз және көмекші мүшесі. Нағыз мүшелікке кіретіндер қазақ халқының білім мен мәдени ағарту саласында қызмет етуші болуы қажет, ол екі нағыз мүшелердің ұсынысымен қабылданады. Ал көмекші (орынбасарлық) мүшелікке алынатындар - қоғамның мақсатын танып ант бергендер, екі нағыз мүшенің ұсынысымен (рекомендация) алынады. Көмекші мүше болудың екі шарты белгіленген: 1-ші, білім немесе мәдени ағарту саласы қызметкері болуы, 2-ші көмекші мүше ретінде алты ай мерзім өтуі керек. Қоғамның мүшелері өз аттарына лайықты ұлт мүддесіне қызмет етуге тиіс. Аумалы-төкпелі заманда өмір сүріп, жоқ-жітіктің қыспағында болса да ұлт зиялылары қарақан басының қамы емес, қаймана қазақтың болашағын ойлағаны еді.

Ал, енді қоғамның қаржыландыру көзіне қайта оралар болсақ, оның төрт бастауы болды: 1. Қоғамның мүшелерінен түсетін жарна; 2. Мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың бөлген қаржылай көмегі; 3. Ақылы дәрістер мен мерзімдік басылымдар мен кітаптарды сатудан түскен қаражат; 4. Жеке азаматтардың қаржылай көмегі.

Қоғамның жоғарғы басқарушы органы жалпы жиналыс болып табылды. Ол көбінесе жылына бір рет немесе төтенше жағдайларда кезектен тыс Ташкент қаласында шақырылатын. Сонымен қатар басқарма мен басқарма басшыларынан және оның жұмыс істеуін, қаржыны тиімді жұмсауын қадағалайтын тексеру комиссиясынан тұратын. Қоғамның жабылуы жағдайы жарғының 25-26 баптарында айтылған. Егер қоғамның жабылатыны белгілі болса, ол үкіметтің бұйрығымен немесе қоғам мүшелерінің жалпы жиналысының қаулысымен ғана орындалатын болды. Ондай жағдайда оның дүние-мүлкі мәдени-ағарту мекемелерінің біріне берілуге тиісті болды.

Қым-қуыт замана жағдайында елдің болашағын ойлаған қазақ зиялылары “Талап” қоғамы арқылы сауатсыздықты жоюды, қазақ әдебиеті, тілі мен тарихын зерттеуді дамытуды, ұлттық мәдениетті өркениетті елдер деңгейіне көтеруге ұмтылды. Бұл үшін ақпарат алмасуы мақсатында ұлт зиялылары арасында апта сайын тұрақты түрде талқылаулар, дәрістер өткізіліп тұратын. Қоғам басқармасы түркі-монғол және қазақ халқының тарихы бойынша, археология мен этнографиялық зерттеулердің шығыстанудағы жетістіктері туралы қазақ әдебиеті мәселелері тақырыптар бойынша дәріс өткізді жоспарлаған болатын. Оқылған дәрістерге тоқталар болсақ: түркі-монғол тарихы бойынша М. Тынышпаев екі дәріс оқыса, қазақ әдебиетінің дамуы жайында М. Әуезов үшінші дәрісті өткізді. Төртінші дәрісті археология мәліметтеріне сүйене отырып Х. Досмұхамедов Түркістанды мекендеген халықтар туралы дайындады. Бесінші дәрісті С. Қожанов өткізіп, ауылдағы халық ағарту ісінің мәселелеріне тоқталды. Алтыншы дәріс М. Есболовтың - Ы. Алтынсариннің өмірі мен қызметіне арнаған баяндамасынан тұрса, жетінші дәрісті Тұмабаев - Абайдың шығармашылық мұрасына арнады (ҚРОМА, 693:58).

Ташкенттегі “Талап” қоғамы өзінің алғашқы қызметін қомақты, тарихи маңызы үлкен тақырыптарды зерттеумен насихаттаудан бастады. Айталық, 1923 жылдың 29 наурызда “Ақ жол” газеті Ташкентте “Талап төңірегінде” деп аталатын редакциялық мақаласында төмендегідей жаңалықты хабарлады: “Талап” қауымында соңғы өткен екі жұмада екі лекция болып өтті. Бұның бірі Мырзағазының (Есболов – автор) “Алтынсариннің өмірі хәм істеген істерінің жайынан” деген тақырыптағы баяндамасы, екінші Мағжан Жұмабаевтың – “Абай өлеңдері туралы” деген дәрісі (ҚРОМА, 693:20).

Баяндамашылардың екеуі де, тақырыптарын толық меңгеріп, жете тексеріп, толық мағлұмат жинағандықтан, – делінді одан ары мақалада жиналған жұртқа қазақтың ардақты екі адамы – Алтынсарин мен Абай жайындағы тың деректерді мәлім етті. Осыдан кейін, газет бетіндегі мақалада баяндамалардың мазмұнына шолу жасалып, дәрісшілердің сүбелі ойлары келтірілген. Мысалы, Мырзағазы Есболов тыңдаушылардың Ыбырайды толық білмейтінін ескеріп, өмірі мен шығармашылығынан толық құлақтанды етеді, “әр жерде жыбырлап сөйлеп, Алтынсаринді орысша көбейтушінің бірі болды деп миссионерлерге таңып жүрген жаладан басын арашалап алады” да, ондай қанқу сөзді Ыбырайдың сын садағына ілінген татар молдалары таратқанын айтады. “Ыбырай қазақ үшін Еуропа мәдениеті керек десе, түсінгендіктен, ел ішінде дін тарат деп мал жиып жүрген татар молдаларына қарсы болған, көбін өзі жүрген жерлерден қуғызған. Сондықтан молдалар ішінен жауы көбейіп жаманатқа солар ұрындырған” (Қамзабекұлы, 1997:42).

Ал, Мағжан баяндамасы газет қызметкерлерінің пікірінше, “бұл күнге шейін Абай жайынан сөйленіп жүрген сөздердің ең толығы болды”, Мағжан Абайдың өлеңіндегі жетістігінің сырына, “ақындық қуаты күшейіп кеткен уақытта қандайлық басқышқа жеткендігіне”, дана ақынның пікіріне тоқталып, жиналғандарды тәнті еткен көрінеді. Бұл дәрістерге деген зор қызығушылық қазақ зиялылары тарапынан ғана емес, оқушы жастар мен жауапты қызметкер жағынан да туындады. Оның бір дәлелі жер-жерден келіп түскен хаттар легі болса, ол алғашқы қазақ ғылыми қоғамының қызметінің жемістілігін көрсетті.

“Талап” қоғамының алға қойған шараларының негізгі мәселелерінің қатарында мыналар болды:

1. Ташкент қаласында қырғыз (қазақ) өлкелік кітапханасын ашу;
2. Байтұрсынов тәсілі бойынша жасалған қазақ әліпбиін үйрету үшін курстар ұйымдастыру;
3. Аудармашылар бюросын ұйымдастыру;
4. Баспагерлік мәселесі.

Бұл мәселелердің жүзеге асырылуы қалай болды дегенге тоқталар болсақ, жергілікті халық үшін аса маңызды болып табылатын кітапхананы ашу үшін “Талап” қоғамы оның жарғысын дайындап, қажетті қаржы көлемін көрсетіп, Кеңестік халық комиссариатына рұқсат алуға жібереді. Мемлекеттен заттай (астықпен) көмек алып, қоғамның ашылуына рұқсат алды.

Екінші мәселе бойынша, дайындық курстары ашылып, алғашқы талапкерлері бітіруге жақын делінген. Сонымен қатар “Талаптың” басқармасы өзінің барлық мүшелеріне де жаңа әліпбиді оқытатын курсқа жазылуды міндеттеген. Ал, аудармашылар бюросын құру мәселесіне келер болсақ, ғылыми әдебиеттерді, саяси кітапшаларды және әр түрлі мекемелік қағаздарда тұрақты түрде аудару қазақ тіліне қажеттілігінен туындағанын айтуымыз керек. Кейіннен бюро ұйымдастырылып, қызу іске кірісіп кетеді.

Соңғы ұйымдық мәселенің бірі баспа ісі болды. Бұл жерде “Талап” қоғамының алға қойған мақсаты: қолда бар қолжазбаларды, ең алдымен оқулықтар мен оқу құралдарын басып шығару еді. Соның бірі К.Жәленовтың арифметика теориясы бойынша дайындаған қолжазбасын басып шығару, қазақ тілінде Түркістанның, Қазақ Республикасының, РКФСР-дің және бес құрылықтың картасы және географиялық атласты қазақ тілінде баспаға дайындалады.

Қорытынды. Қорыта келе, “Талап” қоғамы, өзі секілді қоғамдардың үрдісінде сол кездегі оқыған, көзі ашық қазақ зиялыларын өз айналасына топтастырып, ұлттық мүддеге жұмыс істеуге жұмылдыруды өз қолына алған еді. Сол замандағы мәдени-ағарту саласындағы істердің қандайына болмасын бел шешіп араласа отырып, көп жағдайда белсенділік көрсетіп, мемлекет тарапынан қолдау табуға ұмтылған. Тілін жоғалтып, тарихынан айрылған халықтың жер бетінен жойылып кететінін жақсы ұғынған ұлт зиялылары қазақтың өткен тарихын, мәдениетін, тарихи ескерткіштері мен ауыз әдебиетін және т.б. көркейтуге, сақтап қалуға аянбай қызмет етті. Бұл жерде қоғамдық негізде құрылған ұйымдардың атқарған ісіне қазіргі заман төрінен карағанда, оның ұрпағына үлгі боларлық зор міндет өтегенін айта аламыз.

Әдебиеттер тізімі

Алимбаев Н. Изучение истории Казахстана (историческая литература 20-х – серед. 30-х гг.). В кн.: Историческая наука Советского Казахстана (1917-1960 гг.): Очерк становление и развития. Алма-Ата: Ғылым, 1990. 272 с.

Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). Алма-Ата: Ғылым, 1991. 185 с.;

Асаинов М.А. История изучения Казахстана в первой половине XIX в. Автореф... канд. ист. наук. Ташкент, 1955. 25 с.; Валиханов Э.Ж. Деятельность русского географического общества по изучению экономики и общественного положение казахского народа на рубеже XIX-XX вв. Автореф... канд. ист. наук. Алма-Ата, 1990.

Ахметова С.Ш. Развитие исторического краеведения в Советском Казахстане (1917-1932 гг.). Автореф... канд. ист. наук. Алма-Ата, 1981. С. 175

Әлмаханова Р. Халел басқарған “Талап” қоғамы // Ақиқат. 1998. № 3. 62-63 б.

Бердыев Н.А. Судьба России. М.: МГУ, 1990. 240 с.

Бисенов Х.И. Из истории развития науки в Советском Казахстане (начало 20-х годов) // Известия АН КазССР. Сер. истории, археологии и этнографии. 1961. Вып.3 (17).

Дулатов М. Ахмет Байтурсунович Байтурсунов // Труды общества изучения Казахстана. Оренбург, 1923. Вып.3. 213 с.

Козыбаев И.М. Создание научно-исторических центров в Казахстане, формирование кадров историков-марксистов. В кн.: Историческая наука Советского Казахстана (1917-1960 гг.): Очерки становления и развития. Алма-Ата: Ғылым, 1990. С. 272.

Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (бұдан былай - ҚР ПМ), 139-к., 1-т., 1064-іс, 116 п.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (бұдан былай - ҚРОМА), 693-к., 1-т., 4-іс, 1-3-пп.

Қамзабекұлы Д. Руханият. Саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы мақалалар мен зерттеулер. Алматы, 1997. 43-47 б.

Қамзабекұлы Д. Смағұл Садуақасұлы. Алматы, 1996. 256 б.

Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғғ.). Зерттеулер. Алматы: Жалын баспасы, 2004. 279-280 б.

- Қозыбаев М. Тарих зердесі. Алматы: Ғылым, 1998. 2 том. 275 б.
 ҚРОМА. 693-қ., 1-т., 20-іс, 82 п.
 ҚРОМА. 693-қ., 1-т., 9-іс, 3 п.
 ҚРОМА. 693-қ., 1-т., 15-іс, 28-29 пп.
 Миронов А.В. Организационная, научная и практическая деятельность Средазкомстариса (быв. Туркомстариса) за пятилетие его существования. “Известия Средазкомстариса”. Вып. 1, 1926. С.18-42.
 Нұрпейісов К., Әбжанов Х. Мәдени революция: тапқанымыз бен жоғалтқанымыз // Қазақстан коммунисті. 1990. № 10.
 Нұрпейісов К. “Садақ” атты қолжазба туралы пікір. Кәкішов Т.К. Мерей. Ғылыми-биографиялық жинақ. Екі томдық. (Құрас.: К. Ахмет, А. Жүсіпова, М. Бегманова; Орталық Ғылыми кітапхана. Алматы, 2002. 1 т. 633 б.
 Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2 том. Алматы: Алаш, 2003. 360 б.
 Сулейменов Р.Б. Ленинские идей культурной революции и их осуществления в Казахстане. Алма-Ата: Наука, 1972. 494 с.

References

- Alimbaev N. Izuchenie istorii Kazakhstana (istoricheskaya literatura 20-h – sered. 30-h gg.) (Studying the history of Kazakhstan (historical literature of the 1920s - mid-1930s). V kn.: Istoricheskaya nauka Sovetskogo Kazakhstana (1917-1960 gg.): Ocherk stanovleni i razvitiya. Alma-Ata: Gylym, 1990. 272 s.
 Asylbekov M.Kh., Galiev A.B. Social'no-demograficheskie processy v Kazakhstane (1917-1980 gg.) (Socio-demographic processes in Kazakhstan (1917-1980). Alma-Ata: Gylym, 1991. 185 s.
 Asainov M.A. Istoriya izucheniya Kazakhstana v pervoj polovine XIX v. (History of the study of Kazakhstan in the first half of the 19th century). Avtoref... kand. ist. nauk. Tashkent, 1955. 25 s.; Valihanov E.ZH. Deyatel'nost' russkogo geograficheskogo obshchestva po izuchenii ekonomiki i obshchestvennogo polozhenie kazahskogo naroda na rubezhe ПИИ-ПКН vv. (The activities of the Russian Geographical Society for the study of the economy and social position of the Kazakh people at the turn of the XIX-XX centuries). Avtoref... kand. ist. nauk. Alma-Ata, 1990.
 Ahmetova S.SH. Razvitie istoricheskogo kraevedeniya v Sovetskom Kazakhstane (1917-1932 gg.) (Akhmetova S.Sh. The development of historical local lore in Soviet Kazakhstan (1917-1932). Avtoref... kand. ist. nauk. Alma-Ata, 1981. S. 175.
 Almahanova R. Halel basgargan “Talap” qogamy (Talap society led by Halel) // Aqiqat. 1998. № 3. 62-63 b.
 Berdyayev N.A. Sud'ba Rossii (Berdyayev NA Destiny of Russia). M.: MGU, 1990. 240 s.
 Bisenov H.I. Iz istorii razvitiya nauki v Sovetskom Kazakhstane (nachalo 20-h godov) (Bisenov HI From the history of the development of science in Soviet Kazakhstan (the beginning of the 20th century) // Izvestiya AN KazSSR. Ser. istorii, arheologii i etnografii. 1961. Vyp.3 (17).
 Dulatov M. Ahmet Bajtursunovich Bajtursunov (Ahmet Baitursunovich Baitursunov) // Trudy obshchestva izucheniya Kazakhstana. Orenburg, 1923. Vyp.3. 213 s.
 Kozybaev I.M. Sozdanie nauchno-istoricheskikh centrov v Kazakhstane, formirovanie kadrov istorikov-marksistov (Creation of scientific-historical centers in Kazakhstan, formation of cadres of historians-Marxists). V kn.: Istoricheskaya nauka Sovetskogo Kazakhstana (1917-1960 gg.): Ocherki stanovleniya i razvitiya. Alma-Ata: Gylym, 1990. S. 272.
 AP RK (Archive of the President of the Republic of Kazakhstan. 139-q., 1-t., 1064-is, 116 p.
 CSA RK (Central State Archive of the Republic of Kazakhstan). 693-q., 1-t., 4-is, 1-3 pp.
 Kamzabekuly D. Ruhaniyat. Sayasi qugyn-syrgin qurbandary turaly maqalalar men zertteuler (Spirituality. Articles and research on victims of political repression). Almaty, 1997. 43-47 b.
 Kamzabekuly D. Smagul Saduakasuly (Smagul Saduakasovich). Almaty. 256 b.
 Kojgeldiev M. Ul'tyk sayasi elita. Kyzmeti men tagdyry (XVIII-XX g.) (National political elite. Function and destiny (XVIII-XX centuries). Zertteuler. Almaty: Zhalyn baspasy, 2004. 279-280 b.
 Kozybaev M. Tarih zerdesi (The mind of history). Almaty: Gylym, 1998. 2 tom. 275 b.

- CSA RK. 693-к., 1-т., 20-ис, 73 p.
CSA RK. 693-к., 1-т., 9-ис, 3 p.
CSA RK. 693-к., 1-т., 15-ис, 28-29 pp.
- Mironov A.V. Organizacionnaya, nauchnaya i prakticheskaya deyatel'nost' Sredazkomstarisa (byv. Turkomstarisa) za pyatiletie ego sushchestvovaniya (Organizational, scientific and practical activities of Sredazkomstaris (formerly Turkomstaris) over the five years of its existence). "Izvestiya Sredazkomstarisa". Vyp. 1, 1926. S. 18-42.
- Nupejsov K., Abzhanov H. Madeni revolyuciya: tapqanymyz ben zhogaltqanymyz (Cultural revolution: what we found and what we lost) // Qazaqstan kommunisti. 1990. № 10.
- Nurpejsov K. "Sadak" atty kolzhazba turaly pikir (Opinion on the manuscript "Bow"). Kakishov T.K. Merej. Gylymi-biografiyalyq zhinaq. Eki tomdyq. (Kuras.: K. Ahmet, A. Zhnsipova, M. Begmanova; Ortalyq Gylymi kitaphana. Almaty, 2002. 1 t. 633 b.
- Saduakasuly S. Eki tomdyk shygarmalar zhinagy (A two-volume collection of works). 2 tom. Almaty: Alash, 2003. 360 b.
- Sulejmenov R.B. Leninskie idej kul'turnoj revolyucii i ih osushchestvleniya v Kazahstane (Lenin's ideas of the cultural revolution and their existence in Kazakhstan). Alma-Ata: Nauka, 1972. 494 s.

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

Имангалиев А., Дүкенбаева З. ИБН ХАЛЛИКАН ЖӘНЕ АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ӘЛ-ФАРАБИ.....	5
Қамбарбекова Ғ.Ә. «ТАРИХ-И АББАСИ» («РУЗНАМА-ЙЕ МОЛЛА ЖӘЛАЛ») ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР.....	16
Байдильдина Феллан С.Х., Раджапов А.У. «БІРЛІК ТУЫ» – ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІ БОЙЫНША ҚҰНДЫ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ.....	29
Карамендина М.Ө. ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	40

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

Атыгаев Н.А. КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО И МОГУЛИСТАН В XV – НАЧАЛЕ XVI В.....	57
--	----

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

Абдулина А.Т. К ПРАКТИКЕ МИССИОНЕРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РУССКОЙ ПРАВОСЛАВНОЙ ЦЕРКВИ В СЕМИРЕЧЬЕ.....	66
---	----

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Бәкір Ә.Қ., Тайман С. МҰСТАФА ШОҚАЙ ТӘУЕЛСІЗ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ.....	80
Санъязов Е. АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕР МӘСЕЛЕСІН РЕТТЕУДЕГІ ҚЫЗМЕТІ (СЕМЕЙ ӨҢІРІ МЫСАЛЫНДА).....	92
Көкебаева Г.К. КЕҢЕС-ГЕРМАН МАЙДАНЫНДАҒЫ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕСІ.....	101

Касымова Д.Б., Қудайбергенолы Б.
 НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ВОПРОСОВ ЯЗЫКОВОЙ
 ПОЛИТИКИ В ПОСЛЕВОЕННОЕ ВРЕМЯ И ПОЗИЦИЯ
 РУКОВОДСТВА КАЗАХСКОЙ ССР.....114

Аминов Т., Талгатбеков А.
 ЖУМАБАЙ ШАЯХМЕТОВ – ВЫДАЮЩИЙСЯ
 КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ.....127

Бекмагамбетов Р.К., Бекмагамбетова М.Ж.
 СОВЕТСКОЕ ДЕТСТВО КАЗАХСТАНА В 60-Е ГОДЫ XX ВЕКА
 (ПО МАТЕРИАЛАМ ГАЗЕТЫ «КАЗАХСТАНСКАЯ ПРАВДА»).....142

**Шашаев Ә.Қ., Зикирбаева В.С.,
 Мурзаходжаев Қ.М., Мрзабаева Р.Ж.**
 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚОҒАМДЫҚ
 ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....157

**ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
 ИСТОРИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА
 INDEPENDENT KAZAKHSTAN HISTORY**

Kassymova D., Litvin D.
 UKRAINIAN ETHNO-CULTURAL CENTERS IN ALMATY CITY AND
 ALMATINSKAYA OBLAST: CURRENT SITUATION AND CHALLENGES.....170

**ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ
 ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ
 HISTORY OF THE WORLD**

Каримова З.К., Меделбай А.А.
 ТҮРКІЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ЖҰМСАҚ КҮШ»
 САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МЕХАНИЗМДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ.....179

Ahmet Burçin Yereli, G. Мовкебаева, А.К. Toguzbayeva
 SOME PROBLEMATIC ASPECTS OF THE CUSTOMS
 AND LOGISTICS SPHERE OF THE EURASIAN ECONOMIC UNION.....188

Басуға 15.07.2021 қол қойылды
Шартты баспа табағы –12,5
Офсеттік басылым
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»
журналының редакциясында басылды